Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 18 сәуір №7119-24-00-2/3745 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Табыс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Алшынбай Пернебаевич Абылов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот
ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Табыс» жеке кәсіпкері жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Алшынбай Пернебаевич Абыловті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру талап арызы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 18.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.05.2024, судья Баймурзина А. А., 28.05.2024
Сот өндірісі
7119-24-3-1/3205

«Табыс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Алшынбай Пернебаевич Абылов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Табыс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Алшынбай Пернебаевич Абыловтан Астана қаласы әкімдігінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына мемлекеттің кірісіне 572 531,28 (бес жүз жетпіс екі мың бес жүз отыз бір) теңге 28 тиын мөлшерінде айыппұл санкциялары және 19 021 (он тоғыз мың жиырма бір) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Құжатқа қол қойылған: Баймурзина А. А., 18.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.05.2024, судья Баймурзина А. А., 28.05.2024

7119-24-3-1/3205